

**"Тіркелген салық ставкалары туралы" Талас аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 27 наурыздағы № 19-7 шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2009 жылғы 23 маусымдағы № 21-14 Шешімі. Жамбыл облысы Талас ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 03 тамызда 82 нөмірімен тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 2018 жылғы 24 мамырдағы № 35-3 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы Талас аудандық мәслихатының 24.05.2018 № 35-3 (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі. Орыс тіліндегі мәтіні жоқ болып табылады, мемлекеттік тілінде мәтінге қараңыз.

**РҚАО ескертпесі.**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 422 бабының 2 тармағына сәйкес, аудан мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ**:

1. "Тіркелген салық ставкалары туралы" Талас аудандық мәслихаттың 2009 жылғы 27 наурыздағы № 19-7 (нормативтік құқықтық кесімдердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6–10–76 болып тіркелген, 2009 жылғы 13 мамырдағы № 43 аудандық "Талас тынысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2 тармақта жақшаның ішіндегі "Тіркелген" сөзінен кейін "2003 жылғы 19 сәуірдегі № 16 аудандық "Талас тынысы" газетінде жарияланған" сөздерімен толықтырылсын.

2. Аталған шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа басылымда мазмұндалсын.

3. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап қүшіне енеді және алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың*

*XXI сессиясының торағасы*

*T. Сәрсенұлы*

*Аудандық мәслихат*

*хатшысының міндеттін атқаруышы*

*Д. Төлепбергенов*

*Талас аудандық мәслихаттының*

*2009 жылғы 27 наурыздағы*

*№ 19-7 шешіміне қосымша*

*Талас аудандық мәслихаттының*

**Қызметтің Талас ауданының аумағында жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер үшін айна салық салу объектісінің бірлігіне бірыңғай тіркелген салық ставкалары**

Рет №	Салық салу объектісінің атауы	Тіркелген салықтың базалық ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1.	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы	1
2.	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ұтыссыз ойын автоматы	1
3.	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын дербес компьютер	1
4.	Ойын жолы	5
5.	Карт	2
6.	Бильярд үстелі	3

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК